

Ақмола облысының су объектілерінде рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 21 маусымдағы № А-6/284 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 шілдеде № 7263 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағының 5-8) тармақшасына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақмола облысының су объектілерінде рекреациялық балық аулау аймақтары белгіленсін.

2. Ақмола облысы әкімдігінің "Ақмола облысының су объектілерінде рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу туралы" 2017 жылғы 23 қазандағы № А-11/475 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6148 болып тіркелген, 2017 жылғы 15 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Е.Маржықпаев

Ақмола облысы әкімдігінің
2019 жылғы 21 маусымдағы
№ А-6/284 қаулысына
қосымша

Ақмола облысының су объектілерінде рекреациялық балық аулау аймақтары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 06.08.2025 № А-8/429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Вячеслав су қоймасы:

Рекреациялық балық аулау аймағы Аршалы ауданының Арнасай және Михайловка ауылдарының арасында орналасқан, жалпы ұзындығы 71 километр шақырым болатын Вячеслав су қоймасының жағалау сызығының бүкіл периметрі бойынша белгіленген.

2. Шағалалы су қоймасы:

Рекреациялық балық аулау аймағы Зеренді ауданының аумағында орналасқан, жалпы ұзындығы 25 километр шақырым болатын Шағалалы су қоймасының жағалау сызығының бүкіл периметрі бойынша белгіленген.

3. Көпа көлі:

Рекреациялық балық аулау аймағы Көкшетау қаласының аумағында орналасқан, жалпы ұзындығы 15 километр шақырым болатын Көпа көлінің жағалау сызығының бүкіл периметрі бойынша белгіленген.

4. Сілеті су қоймасы:

Рекреациялық балық аулау аймағы Ақкөл және Ерейментау аудандарының аумағында орналасқан, жалпы ұзындығы 99 километр шақырым болатын Сілеті су қоймасының жағалау сызығының бүкіл периметрі бойынша белгіленген.